

Бастауыш сынып оқушылары үзіліс кезінде кітапханаға келіп, энциклопедияларды қызығушылықпен қарайды және түрлі сұрақтар қояды.

Әсіресе келесі тақырыптағы энциклопедиялар үлкен сұранысқа ие болды:

- жануарлар әлемі;
- ғарыш әлемі;
- динозаврлар;
- әскери техника.

Есепті кезеңде бастауыш сыныптар арасындағы ең белсенді оқырмандар 2 және 3-сынып оқушылары болды

Күнтізбелік және атаулы күндерге арналған кітап көрмелері

Оқу жылы ішінде кітапханада маңызды мерекелер мен атаулы күндерге арналған тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылып, безендірілді:

- 1 қыркүйек – Білім күніне арналған кітап көрмесі;
- Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Ассамблея – татулық пен бірліктің тұғыры» атты көрме;
- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Қазақстан – Ұлы даланың елі» атты кітап көрмесі;
- Наурыз мейрамы мен Көрісу күніне арналған «Қазақ халқының ұлттық мерекелері» атты көрме;
- Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Қазақстан – достық мекені, әр ұлт – оның бір гүлі» атты көрме;
- 9 Мамыр – Жеңіс күніне арналған кітап көрмесі.

Жеңіс күні қарсаңында Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қаһарман Қошқарбаевтың ерлігі туралы «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» атты танымдық әңгіме өткізілді.

Өткізілген кітапханалық іс-шаралар

Оқу жылы барысында кітапханада келесі іс-шаралар ұйымдастырылды:

- «Танысыңыздар – бұл кітапхана»;
- «Кітап қалай жасалды?» танымдық сабағы;
- «Орыс халық ертегілерін оқимыз» акциясы;
- «Кітаппен үзіліс» іс-шарасы;
- «Кітапты сүйіспеншілікпен сыйла» буккроссинг акциясы;
- «Тыныш оқу сабақтары»;
- «Өмірге риза болып, алғыс айт» көрме-шолуы;
- «Жануарлар әлемі» викторинасы;
- «Қазақстан Республикасының рәміздері туралы не білемін?» атты көрме-диалог;
- «Теңге – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы» атты танымдық сағат.

«Оқуға құлтар мектеп» жобасы